

Н. Мұқаметханұлы^{1*}, **Д. Мәсімханұлы²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

ҚХР – көп ұлтты біртұтас мемлекет. Ел ішіндегі ұлттарға өңірлік автономия саясатын қолданады. Қытайдағы қазақ автономиялық өңірлері – Іле Қазақ автономиялық облысы, Баркөл Қазақ автономиялық ауданы, Мори Қазақ автономиялық ауданы және Ганьсу провинциясындағы Ақсай Қазақ автономиялық аудандары. Бұлардың құрылғанына биыл (2024 ж.) 70 жыл толып отыр. Мақалада Қытайда қазақтар тығыз қоныстанған өңірлерде автономиялық органдардың құрылуы, автономия саясатының атқарылуы және қазақтардың әлеуметтік дамуы мен қазіргі таңда дөп келіп отырған мәселелері жүйелі түрде жан-жақты қарастырылады. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – Қытайдағы қазақ автономиялық аймақтарындағы қазақтардың тарихи дамуына шолу жасай отырып, бүгінгі мәселелері мен келешек сын-қатерлерін айқындау.

Қытайдың этникалық азшылықтарға қолданатын саясатының негізгі принциптері «Жалпы бағдарламада», «ҚХР Конституциясына» және «ҚХР ұлттардың өңірлік автономия Заңына» енгізілген. Осы заңдардың негізінде салыстырмалы түрде қазақтардың әлеуметтік жағдайы жақсарды, білім, ғылым және мәдени деңгейлері көтерілді, қоғамдық саяси рөлі артып, Қытай қоғамындағы орны жоғарылады. Алайда соңғы жылдары Қытайда автономия саясатының өз деңгейінде атқарылмауы, этникалық азшылықтардың ҚХР заңдарына белгіленген құқықтары мен мүдделері өрескел бұзылып, аз санды ұлттардың өз ана тілінде білім алу құқықтары шектелді. Бұл жағдай аз санды ұлттар мәдениетінің, әсіресе қазақ мәдениеті мен ұлттық болмысының сақталуына қатер төндіріп отырғаны жасыруға келмейтін шындық.

Аталған тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістерін – деректерді жинау, реттеу, жүйелеу және сұрыптау, контенттік және синтездік анализ әдістерін пайдалану арқылы зерттеудің ғылымилық деңгейін көтеруге тырыстық.

Түйін сөздер: Ұлттық автономиялық территория, Қытайдағы қазақ автономиясы, автономия саясаты, әлеуметтік даму, білім және мәдениет деңгейінің көтерілуі, сын-қатерлер.

N. Mukametkhanuly^{1*}, D. Massimkhanuly²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

Kazakh autonomy in China: past and present

The PRC is a multinational United State. Applies a policy of regional autonomy to nations within the country. Kazakh Autonomous Regions in China – Ili Kazakh Autonomous Region, Barkol Kazakh Autonomous Region, Mori Kazakh Autonomous Region and Aksai Kazakh Autonomous Regions in Gansu province. This year (2024) marks the 70th anniversary of their creation. The article discusses in detail the formation of bodies in regions densely populated by Kazakhs in China, the implementation of the policy of autonomy and the social development of Kazakhs and today's issues. The purpose of the proposed article is to review the history of the Kazakhs in the Kazakh Autonomous Regions in China, to identify current problems and future challenges.

The basic principles of China's policy applied to ethnic minorities are included in the "General program", the "Constitution of the PRC" and the "Law of regional autonomy of peoples of the PRC". On the basis of these laws, the social situation of Kazakhs in comparison has improved, the level of Education, Science and culture, the political role and place in Chinese society has increased. However, in recent years, the policy of autonomy in China has not been implemented at the proper level, the rights and interests of ethnic minorities established by the laws of the PRC have been severely violated, and the rights of a small number of nationalities to receive education in their native language have been limited. It is impossible to hide the fact that this situation threatens the preservation of the culture of a small number of nations, especially the Kazakh culture and national identity.

In the study of this topic, we tried to raise the scientific level of research by using classical and modern methods of the humanities – data collection, regulation, systematization and sorting, content and synthesis analysis methods.

Key words: National autonomous territory, Kazakh autonomy in China, autonomy policy, social development, raising the level of education and culture, challenges.

Н. Мұқаметханұлы^{1*}, Д. Мәсімханұлы²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

Казахская автономия в Китае: прошлое и настоящее

КНР – многонациональное единое государство. Применяет политику региональной автономии к национальностям внутри страны. Казахские автономные регионы Китая – Илийская Казахская автономная область, Баркульский Казахский автономный район, Мори Казахский автономный район и Аксайский Казахский автономный район провинции Ганьсу. Их созданию в этом году (2024 г.) исполняется 70 лет. В статье системно рассматриваются вопросы создания автономных органов в густонаселенных казахами регионах Китая, исполнения политики автономии и социального развития казахов. Цель предлагаемой статьи – дать обзор истории казахов в казахских автономных регионах Китая, выявить сегодняшние проблемы и будущие вызовы.

Основные принципы политики, применяемой Китаем к этническим меньшинствам, включены в «Общую программу», «Конституцию КНР» и «Региональный закон о национальностях КНР». На основе этих законов были созданы и значительно развиты казахская автономная область и районы Китая. Относительно улучшилось социальное положение казахов, повысился уровень образования, науки и культуры, возросла общественно-политическая роль, повысилось место в китайском обществе. Казахи в Китае играют важную роль как в развитии отношений между РК и КНР, так и в развитии дружественного сотрудничества двух стран. Однако в последние годы в Китае было грубо нарушено несоблюдение политики автономии на своем уровне, права и интересы этнических меньшинств, установленные законами КНР, и ограничены права малочисленных народов на образование на родном языке. Не секрет, что эта ситуация угрожает сохранению культуры малочисленных народов, особенно казахской культуры и национальной идентичности.

В исследовании данной темы мы стремились повысить научный уровень исследования с использованием классических и современных методов гуманитарных наук – методов сбора, регулирования, систематизации и сортировки данных, контент и синтез-анализа.

Ключевые слова: Национальная автономная территория, казахская автономия в Китае, политика автономии, социальное развитие, повышение уровня образования и культуры, вызовы.

Кіріспе

Қытайдағы қазақ автономиялық өңірлері дегеніміз – Іле Қазақ автономиялық облысы, Баркөл Қазақ автономиялық ауданы, Мори Қазақ автономиялық ауданы және Ганьсу провинциясы Аксай Қазақ автономиялық аудандары. Бұлардың құрылғанына биыл (2024 ж.) 70 жыл толып отыр. Осынау жетпіс жылда Қытайдағы этникалық қазақтардың әлеуметтік дамуы қандай болды деген мәселені анықтау үшін, міндетті түрде ҚКП-ның автономия саясатының атқарылуын және оның тарихи нәтижелеріне талдау жасауға тура келеді.

Қытай Халық Республикасы (ҚХР) – біртұтас көпұлтты мемлекет. Қытайда этникалық қытайлардан (ханьзу) тыс 55 аз санды ұлттар өмір сүреді. Солардың ішінде халық саны 2 миллионға таяған этностардың бірі – қазақтар.

Олардың негізгі бөлігі аталған автономиялық облыстар мен аудандарда тұрады.

ҚКП-ның ел ішіндегі аз санды ұлттарға автономия саясатын қолдануы 1949 жылы қыркүйекте өткен Бүкілқытай халықтық саяси консультативтік кеңесі мәжілісінде қабылдаған «Бүкілқытай халықтық саяси консультативтік кеңесі мәжілісінің жалпы бағдарламасында» (әрі қарай «Жалпы бағдарлама») белгіленген. «Жалпы бағдарламада» ҚХР-дың ішкі және сыртқы саясаты мен ел ішіндегі этникалық азшылықтарға қолданатын саясат принциптері анықталған болатын (He Xin, 1999).

1954 жылы «ҚХР Конституциясы» қабылданды. Ата Заңға «Жалпы бағдарламада» анықталған этникалық азшылықтарға қолданатын саясаттар сол қалпы енгізілді. Оның 6-тарауының 50-53 тараушаларында: «Қытай Халық Республикасы аумағындағы барлық

ұлттардың терезесi тең»; «Әрбiр аз санды ұлттар тығыз қоныстанған өңiрлерде ұлттардың өңiрлiк автономия саясаты атқарылады»; «Аз санды ұлттардың барлығында өздерiнiң тiл-жазуын дамыту, ғұрып-әдеттерi мен дiни сенiмдерiн сақтау немесе өзгерту еркiндiгi болады», – деп көрсетiлдi (The full text of the “Common Program of the Chinese People’s Political Consultative Conference” in 1949., 2020). Ендеше, осы заңдарда белгiленген саясаттар өлшемдер бойынша мәселеге талдаулар жасалады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен мiндеттерi

1950 жылдан бастап ҚКП бүкiл мемлекет көлемiнде социалистiк саяси-әкiмшiлiк басқару жүйесiн құрумен қатар, өңiрлiк автономиялық аудан (провинция), облыс және аудан (уезд) әкiмшiлiк органдарын орнатуды қатар жүргiздi. 1954 жылы сәуiр айында Ганьсу провинциясы Ақсай Қазақ автономиялық ауданы, шiлде айында Мори қазақ автономиялық ауданы, қыркүйек айында Баркөл қазақ автономиялық ауданы, қараша айында Iле Қазақ автономиялық облысы құрылды. Содан берi қытайлық қазақтар автономия саясатының аясында жетпiс жылдық даму үдерiсiн бастан өткiздi. Ендеше, осы бiр тарихи кезеңде Қытайдағы этникалық қазақтардың тарихи жетiстiгiн және бетпе-бет келiп отырған мәселелерiн ғылыми түрде саралау – өте өзектi тақырып болып табылады. Әрине, Қытайдағы қазақтар жалпы ҚХР-дың әлеуметтiк саяси экономикалық даму үдерiсiне iлесе дамыды. Сондықтан автономиялық саясатқа жалпы ҚКП-ның әрбiр тарихи кезеңдерде қолданған саяси стратегиялық саясатына байланыстырып талдау жасалады. Сонымен қатар, ҚКП-ның этникалық азшылықтарға арналған саясатының қазақ автономиясында атқарылуын зерттеу арқылы, Шыңжаңдағы аз санды ұлттарға ортақ мәселелерiн зерделеумен де тақырыптың маңыздылығы сипатталады. Алайда қазiрге дейiн ешбiр елде бұл тақырыпты кешендi зерттеген еңбектер жарияланған жоқ. Сондықтан бiздiң зерттеуiмiз бұл саладағы алғашқы iзденiс болып саналады.

Мақаланың мақсаты – Қытайдағы қазақ автономиялық аймақтарының тарихи дамуына шолу жасай отырып, бүгiнгi таңда кез келiп отырған сын-қатерлерiн айқындау және болашағына болжау жасау.

Мақаланың мiндеттерi:

- Қытайдағы Қазақ автономиялық облыс аудандарына қатысты тарихи құжаттар мен дереккөздерiн саралап пайдалану;

- Қытайдағы қазақ қоғамының құрылымдық жүйесi, экономикалық және әлеуметтiк өзгерiстерiнiң динамикасын қарастыру;

- Қытайдағы қазақтардың мәдени және саяси саладағы дамуына талдау жасау;

- Қазiргi таңда Қытайдағы этникалық азшылықтардың алдында тұрған мәселелер мен сын-қатерлердi анықтау және болашағына ғылыми жолжау жасау.

Зерттеу материалдары мен әдiстерi

Аталған тақырыпты зерттеуге мол тарихи деректер мен құнды заманауи құжаттар пайдаланылды. Қытайдың хронологиялық тарихи жазбалары; Цин империясының жазбалары; 1949 жылы қыркүйекте қабылданған «Жалпы бағдарлама», 1954 жылы қабылданған «ҚХР Конституциясы», 1984 жылы қабылдаған «ҚХР ұлттарының өңiрлiк автономия Заңы», «Заң-ережелер жинағы», ҚКП мен ҚХР-дың аз санды ұлттарға қатысты қабылдаған саяси шешiмдерi, қазақ автономиялық облыс, аудандардың әлеуметтiк-экономикалық және мәдени даму мәлiметтерiн зерттеуге негiз еттiк. Ескерте кететiн жағдай: Қытайда ұлттар бойынша әлеуметтiк-экономикалық статистикалық мәлiметтер жасалмайды. Сондықтан бiз қазақтар көп шұғылданатын мал шаруашылығы мен егiн шаруашылығы бойынша жасалған мәлiметтерге сүйенiп, қазақтардың әлеуметтiк экономикалық жағдайына салыстырмалы түрде талдау жасадық. Сонымен бiрге қазақтардың оқу-ағарту, мәдениет, ақпарат-баспасөз және теле-медия саласына қатысты деректердi әр түрлi тiл-жазуда жарияланған материалдардан сұрыптап қолдандық. Интернет ресурстары мен электронды басылымдарды да барынша пайдаландық.

Мақалада көтерiлген тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдiстерi пайдаланылды. Тарих ғылымының деректану әдiстерiн қолданып, тақырыпқа қатысты деректердi жинау, реттеу, жүйелеу және сұрыптаудан өткiзiп, контенттiк және синтездiк анализдер жасалды; саясаттану ғылымының әдiстерiн пайдаланып, Қытайдың этникалық азшылықтарға бағыттаған саясатының теориясы мен практикасына жүйелi талдау жасалды; әлеуметтану және мәдениеттану ғылымдарының тәсiлдерiн

пайдалану арқылы Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік дамуы мен мәдени деңгейінің динамикасы қарастырылды. Жалпы тақырыпты зерттеуге пәнаралық әдістерді механикалық түрде ұштастыра қолданып, зерттеудің ғылымилық деңгейін көтеруге тырыстық.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Іле Қазақ автономиялық облысы – Қытайдың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан дарқан да көркем аймақ, Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданына (ШҰАА) қарайды. Оның құрамына бұрынғы Іле аймағы (қазір Іле аймағы жойылып, аймақтағы 8 аудан «облысқа тікелей қарасты аудандар» деп аталады), Тарбағатай аймағы, Алтай аймағы кіреді. Алайда аймақтардың кадрлық-ұйымдастыру, қаржы-экономикалық мәселелері ШҰАА үкіметі мен парткомының құзырында.

Облыс аумағының солтүстік-шығысы Моңғол мемлекетімен, шығысы мен оңтүстігі Чанцзи Хуэй (дүңген) автономиялық облысымен, Байынғол Моңғол автономиялық облысымен, оңтүстік-батысы Ақсу аймағымен, солтүстік-батысы Қазақстан Республикасымен шектеседі. Жалпы жер көлемі 350 мың шаршы км. Шыңжаңның жалпы жер көлемінің 1/5 құрайды.

Іле Қазақ автономиялық облысы аумағында әлемге әйгілі заңғар таулар орналасқан: оңтүстігінде Тяньшань тауы көлбеп жатыр; солтүстігінде Қазақстан мен Моңғол елін жалғап Алтай тауы асқақтап тұр. Тяньшань тауы мен Алтай тауының ортасына Жоңғар ойпаты орналасқан. Оның оңтүстігінен солтүстігіне қарай Жайыр тауы, Барлық тауы, Орқашар тауы және Тарбағатай таулары созылып жатыр. Бұл таулардың үсті мен асты байлыққа толы. Облыс аумағында ағып жатқан Іле өзені Іле ойпатын көктеп өтіп, Қазақстанның Балқаш көліне құяды; қайнар көзі Алтай тауының сайларынан басталатын Ертіс өзені Қазақстаннан өтіп, Ресейдің солтүстігіндегі Мұзды мұхитқа құяды.

Іле Қазақ автономиялық облысының жер бедері күрделі, ауа-райы жартылай құрғақ континенттік климатқа жатады. Тяньшань тауы мен Алтай тауының төрт мезгілдегі ауа-райының айырмашылығы өте үлкен. Іле аймағының жері құнарлы, су қайнары мол, егінге де, малға да аса жайлы. Онда астық дақылдарының барлық түрлері шығады, үй жануарларының барлық түрлері өседі. Оның ішінде Шыңжаң Жібек жүнді қойы, Алтайдың құйрықты қойы, Іле жылқысы мен Қоңыр сиыры әлемге әйгілі. Аймақта әртүрлі жеміс-жидектер мен қауын-

қарбыздар жақсы шығады. Қазба байлықтары мол: көмір, алтын, күміс, қола, темір, қалайы, қорғасын, уран, мұнай және басқа да ресурстарға бай. Орман – облыстағы ең негізгі ресурстардың бірі болып саналады (Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture., 1985).

1. Іле – қазақтың алтын бесігі

Қазақ халқының этногенезі мен алғашқы мемлекеттілігінің іргетасы Іле өңірінде қалыптасқан. Б.з.д. II ғасырдың 60-жылдары Ганьсудың батысы, Тяньшань тауының шығысынан қоныс аударған үйсіндер (Усунь), Іле Жетісу жерінде алғашқы мемлекеттік құрылымын орнатты. Қытай деректерінде Үйсін елінің «түтін саны 120 мың, жан саны 630 мың, жеңімпаз әскер саны 188 мың 800 адам» деп жазылған, сондай-ақ Батыс өңірдегі «ең күшті мемлекет – zui wei qiang guo» саналған (Bangu., 1997). Б.з.д. 119 жылы Хань патшалығы Чжан Цянь бастаған үш жүз адамдық делегациясын қыруар тарту-таралғымен Үйсін еліне жіберіп, құдандалық және әскери-саяси одақтастық қатынас орнатып, шығыс пен батыстан ғұндарға қарсы шабуыл жасады. Нәтижесінде б.з.д. I ғасырдың ортасында Ғұн империясы ыдырады, үйсін елі де құлдырады (Мұқаметханұлы Н., 2010). Содан кейінгі тарихта Іле аймағына Түрік және Батыс Түрік қағанаты, Түркеш хандығы, Қарақидан әулеті, Шағатай мен Өгедай ұлыстары үстемдік етті. Шағатай ұлысының астанасы Іледегі Алмалы қаласында болған.

XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығы құрылды, қазақ ру-тайпалары хандықтың аясына біртұтастанып, өздерінің этнотерриториясын қалыптастырды. XVII ғасырдың 30-жылдары Жоңғар хандығы құрылып, қазақтармен жауласады. 1723 жылы қазақтарды шығыстан батыс-оңтүстікке ығыстырып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретін тудырды. Алайда қазақтар 1726 жылдан бастап жоңғар шапқыншыларына қайтарма шабуыл жасауға өтті. 1745 жылдан кейін Жоңғар хандығы әлсіреп, Қазақ хандығы нығая түседі. 1750 жылдардың басында жоңғарларды қазақ даласынан ығыстырып шығарды (Мұқаметханұлы Н., 2021).

1755-1757 жылдары Қытайдың Цин империясы Жоңғар хандығын біржолата жойып, елі мен жерін иеленіп, батыс іргесін қазақ даласына тіреді. Сондай-ақ Ертістен Іле өзеніне дейін көлденең шекара линиясын белгілеп, тас үйіп, оба тұрғызып, күзетке әскер қойды. Цин императоры шекара күзетіндегі шонжарларына: «Егер Абылай ойраттар жеріне еніп келіп мал

бағуды талап ететін болса, оларға шекарадан асып келулеріне болмайды деп айтыңдар», – деп бұйырады (Bai Xinliang., 2011). Абылай хан Цин патшалығына алғаш жіберген елшілерінен Шығыс Тарбағатайдағы қазақтың байырғы атамекенін «жарылқап» қайтарып беруді талап етті. Ал Цин патшалығы оған: «ол жерді сендерге жарылқап беріп жіберу – мемлекеттің жүйесіне қайшы келеді (Bai Xinliang., 2011), – деген жауап қайтарады. Алайда Абылай хан Цин патшалығымен саяси-дипломатиялық және сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру арқылы, қазақтарды шығыстағы атамекеніне біртіндеп көшіру саясатын қолданды. Сонымен Орта жүз бен Ұлы жүздің кейбір рулары шығысқа қарай жылжып көшіп, шекараның арғы бетіне өтіп қоныстана бастайды. Оларды түгелдей кері қайтаруға мүмкін болмағандықтан, Цин патшалығы қалыптасқан жағдайды мойындап, «қоңсы жұрттармен тату тұрып, патшаның мейір-шапағатына мәңгі бөленіндер», – деген жарлық шығарды (Bai Xinliang., 2011). Содан бастап шекараның шығысына көшіп барып қоныстанушы қазақтардың қатары көбейе түседі.

XIX ғасырдың ортасында патшалық Ресей империясы Қазақстанды толық отарлап, Цин патшалығының шекара шебіне дейін жетеді. Сонымен Ресей мен Қытай арасында мемлекеттік шекараны анықтау мәселесі көтеріледі. 1864 жылы 7 қазанда екі тарап Қытайдың Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей солтүстік-батыс шекараны делимитациялау келісіміне» қол қояды. Аталмыш «Келісімнің» 5-ші тарауында: «жер қайсы мемлекетке бөлінсе, сол жерде отырғандар жерімен бірге сол мемлекеттің құрамына өтеді», – деп көрсетіледі (Collection of Sino-Russian Border Treaties., 1973). Сонымен қазақ жерінің Қытайға тиген бөлігіндегі қазақтар отырған жерімен бірге Қытайға, Ресейге тән болған өңірдегі қазақтар тұрған жерімен Ресейдің құрамында қалады. Цин империясы сол кезден бастап өз аумағындағы қазақтарға тікелей билік жүргізеді.

Цин империясы Іле, Тарбағатай және Алтай аймағындағы қазақтарды әскери әкімшілік жүйемен басқарды. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық өмірі жалпы Шығыс Түркістандағы қоғамдық саяси жағдайға байланысты үздіксіз өзгеріп отырды.

1884 жылы Цин патшалығы Шыңжаң провинциясын құрып, Шыңжаңның саяси орталығын Іледен Дихуаға (Үрімжіге) көшіреді. Іле генерал губернаторы Іле мен Тарбағатай

аймағының қорғаныс істеріне жауапты болады. Алтай мен Қобда өңірін Урианхай генерал-губернаторы басқарды. Кейін Қобда мен Алтайды бөліп, Алтайды басқару мекемесін Сарсүмбеге (қазіргі Алтай қ.) орналастырды. 1912 жылы Қытай Республикасы құрылған соң, Алтайды Орталық үкімет тікелей басқарады. 1919 жылы Алтай аймағы Шыңжаң өлкесіне қайтарылды.

1911 жылы Қытайда орын алған Синхай революциясы Цин патшалығы билігін аударып тастады. 1912 жылы 1 қаңтарда Қытай Республикасының уақытша үкіметі құрылып, Сунь Ятсен тұңғыш президент болып сайланды. 7 қаңтарда Іледегі құрлық армиясын бастап генерал Ян Цэнсюй әскери көтеріліс жасап, Цин империясының Іледегі қорғаныс армиясын талқандап, аймақ орталығы Хуэйюань қаласына басып кіріп, генерал Чжэ Руйды атып өлтіріп, Іле уақытша үкіметін құрды. Сондай-ақ ол шығысқа қарай жорық жасап, Шыңжаң генерал-губернаторы Юань Дахуаға қысым жасап, оны республикалық билікті қолдауға көндіреді. Сонымен Цин империясының Шыңжаңдағы билігі аяқтады. Ян Цэнсинь Шыңжаңның генерал-губернаторы болды. Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарын Шыңжаң генерал-губернаторы тікелей басқарды.

Шыңжаң өлкесін билеушілер арасында қиян-кескі билік таласы жүріп жатты, 1928 жылы 7 шілдеде Ян Цэнсинь қастандықпен өлтіріліп, орнына Цзинь Шужэнь Шыңжаңның генерал-губернаторы болып тағайындалады. 1933 жылы 12 сәуірде Дихуа (Үрімжі) қаласында әскери төңкеріс болып, Цзинь Шужэньді биліктен тайдырып, орнына Шэн Шицай отырды.

Шэн Шицай Кеңес Одағынның көмегімен өз билігін нығайту үшін КСРО-ға жақындау саясатын ұстанады. 1934 жылы ол Кеңестік қызыл армиясының жәрдемімен өзіне қауіп төндірген Іледегі генерал Чжан Пейюань және дүнген генералы Ма Чжунин әскерлерін талқандады.

1935 жылы Шэн Шицай КСРО-ның ықпалымен «Антиимпериализм, Кеңес Одағына жақындау, ұлттар теңдігін іске асыру, паракорлықты тазарту, бейбішілікті сақтау және құрылыс жүргізу», – деген саяси-әкімшілік бағдарламасын жариялайды. Сонымен бірге ол қоғамдық бақылау жүйесін күшейтті. Шыңжаңдағы прогресшіл азаматтар мен әр ұлт халқының көрнекті қоғам және мәдениет қайраткерлерін тұтқындап түрмеге тоғыта бастайды.

1939 жылы қыркүйекте «моңғол, қазақ және қырғыз Құрылтайын» өткіземін деген сылта-

умен, олардың көрнекті өкілдерін Үрімжіге жинап, бір бөлігін тұтқындап түрмеге жауып, қалғандарын шаруалардың қолындағы аң аулау мылтықтарын жинап беруге мәжбүрлейді. Сондай-ақ аудандарда мылтық жинау комиссияларын құрып, малшылардың қолдарындағы мылтықтарды үкіметке тапсыруға қысым жасайды. 1939 жылы Алтайдағы белгілі діни қайраткер, абыз ақын Ақыт Ұлымжыұлын, 1940 жылы Іледегі көрнекті ақын, мәдениет қайраткері Танжарық Жолдыұлын тұтқындап, Үрімжідегі ең қатал түрмеге қамайды.

Шэн Шицайдың бұл әрекеті халықтың наразылығын тудырады. Алтайда Есімхан, Иманбай бастаған қазақтар қарулы көтеріліске шығады. Оларды қолдап бас көтерген қазақтардың қатары тез көбейеді. Шэн Шицай оларды жаныштауға үкімет әскерін аттандырады. Сонымен Алтайда қазақ жасақтары мен үкімет әскерлері арасында қарулы қақтығыс басталады. Бұл ұрыс кейде келіссөз арқылы тоқтап-толастаса, кейде арадағы бітім бұзылып, соғыс қайта жалғасып отырды.

1942 жылы Шэн Шицай өзінің Кеңес Одағына, Компартияға қарсы екенін, Гоминьдан партиясын, Чан Кайши билігін қолдайтынын мәлімдейді. Өйткені ол Кеңес Одағын неміс фашистерінен жеңіледі деп межелейді.

Шыңжаңда өзіне көмектесіп жүрген кеңестік мамандарды күштеп еліне қайтарады. Қытай Компартиясының Шыңжаңдағы өкілдерін де тұтқындап жаныштайды.

1943 жылы қаңтарда Гоминьданның Шыңжаң өлкелік Комитеті құрылып, гоминьдандықтар Шыңжаңға ағылып келе бастайды. АҚШ пен Ұлыбритания Үрімжіде өздерінің Консулдық басқармаларын ашады. Сонымен Кеңес Одағының Шыңжаңдағы ықпалы әлсіреп, АҚШ пен Ұлыбританияның позициясы нығая түседі. Бұл жағдай Кеңес Одағының мүддесіне мүлде қайшы келеді. КСРО Шыңжаңдағы Гоминьдан күштерін және АҚШ пен Ұлыбританияның ықпалын әлсіретіп, өзінің позициясын қайта нығайтуды қарастырады. Олар бұл мақсатын жергілікті ұлттардың Шыңжаң үкіметіне наразылығын пайдаланып, революциялық жолмен іске асыруды жоспарлап, дайындық жасайды. 1944 жылдың тамызында Іле аймағының Нылқы ауданында Әкпар, Сейіт бастаған қазақ партизандары Шыңжаң Гоминьдан үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасайды. 2 қыркүйекте көтерілісшілер Нылқы ауданын басып алады, қараша айында аймақ орталығы Құлжа қаласына жорық жасайды. Олар Құлжа қаласындағы ұйғыр

және басқа халықтардан ұйымдасқан қарулы күштермен бірлесіп шайқас жасап, Құлжа қаласын қытай билеушілерінен азат етеді. 1944 жылы 12 қарашада Құлжа қаласында «Шығыс Түркістан Уақытша үкіметі» құрылады (Xinjiang Three Districts Revolutionary History Compilation Committee., 1998). Әлихан Төре Үкімет басшысы болады.

1945 жылы сәуірде «Шығыс Түркістан Уақытша үкіметінің» ұлттық армиясы құрылып, мамырайында Солтүстік, Орталық және Оңтүстік бағыттармен үкімет қарулы күштеріне қарсы жорыққа шығады. Солтүстік және Орталық бағыттағы ұлттық армия Тарбағатай мен Алтай аймағын гоминьдандық қытай билігінен азат етіп, қытай әскерлерін шығысқа ығыстырып, Үрімжі қаласына 150 шақырым жердегі Манас өзенінен өткізіп жібереді. Осы кезде кенеттен соғыс тоқтатылады. Себебі 1945 жылы 14 тамызда Кеңес Одағы мен Қытай Гоминьдан үкіметі Одақтастық келісімшартқа қол қойған еді. Содан кейін КСРО-ның ықпалымен «Шығыс Түркістан Уақытша үкіметі» Гоминьдан үкіметімен бейбіт келіссөз жүргізеді. 1946 жылы 2 қаңтарда тараптар «Он бір бітімге» қол қояды. «Бітім» бойынша Шыңжаң коалициялық өлкелік (провинциялық) үкіметі құрылады. «Шығыс Түркістан Уақытша үкіметі» – «Үш аймақ үкіметі» деп аталады. Жаңа өлкелік үкіметтің құрамына «Үш аймақ» өкілдері тартылады. Алайда олардың арасында жасырын күрес жүріп жатады.

1940 жылдан бастап, Алтай аймағында Шыңжаң қазақтарының өкіметтің зұлымдық саясатына қарсы қарулы күресіне қолбасшылық жасаған, атақты батыр Оспан Исламұлы кенеттен өлкелік Гоминьдан үкіметін қолдап, «Үш аймақ үкіметіне» қарсы шығады.

1947 жылы 1 ақпанда «Үш аймақ үкіметі» Оспан Исламұлын Алтай аймағының уәлиі қызметінен босатып, орнына Дәлелхан Сүгірбаевты қояды. Сонымен Алтай аймағында Гоминьдан үкіметі қаруландырған Оспан Исламұлы мен Кеңес Одағы қолдап жасақтаған «Үш аймақ Ұлттық армиясының» генералы Дәлелхан Сүгірбаевтың Ұлттық армиясы арасында соғыс 1949 жылдың күзіне дейін жалғасады.

Бұл кезде ішкі өлкеде Қытай Компартиясы мен Гоминьдан партиясы арасында азаматтық соғыс жүріп жатқан болатын. 1949 жылдың қыркүйегінде Компартия жеңіске жетіп, бүкіл Қытайға, қазан айында Шыңжаңға өз билігін орнатады.

Жоғарыдағы пайымдаудан Іле аймағының қазақ тарихындағы маңызын аңғару қиын емес.

Іле – тарихта жалпы Шыңжаңның, оның ішінде үш аймақ қазақтарының саяси орталығы ретінде танылғандықтан, Іле Қазақ автономиялық облысының орталығы Құлжа қаласы болып белгіленуіне сол тарихи жағдайлардың негіз болғаны анық.

2. Қазақ автономиялық өңірлерінің құрылуы

Жоғарыда атап өткен «Жалпы бағдарламада»

Қытайдың аз санды ұлттарға қолданатын саясатының негізгі принциптері белгіленген. Онда: «Қытай Халық Республикасы – біртұтас көп ұлтты мемлекет. Барлық ұлттардың терезесі тең. Әр қандай ұлтты кемсітуге, езуге, ұлттардың береке-бірлігін бұзуға тыйым салынады»; «Аз санды ұлттардың барлығында өздерінің тіл-жазуын дамыту, ғұрып-әдеттері мен діни сенімдерін сақтау немесе өзгерту еркіндігі болады»; «Әрбір аз санды ұлттар тығыз қоныстанған өңірлерде ұлттық өңірлік автономия саясаты атқарылады. Әрбір ұлттардың автономиялық жерлері – Қытай Халық Республикасының бөлінбес құрамдас бөлігі болып табылады»; Автономиялық өлке, облыс, аудандар Конституция мен заң белгілеген құқық шектемесі көлемінде өз жерлерінің қазынасын басқарады. Мемлекеттің әскери жүйесі бойынша өз жерлерінде Қоғам қауіпсіздік армиясын ұйымдастырады»; «Автономиялы район, облыс, аудандардың органдары қызмет жүргізген кезде, жергілікті ұлттар ортақ қолданатын бір немесе бірнеше тіл-жазуды қолданады»; «Әрбір жоғары дәрежелі органдар автономиялы аудан, облыс, аудандар органдары автономия құқығын жүргізуге толық кепілдік етеді. Сондай-ақ аз санды ұлттардың саяси, экономика және мәдени құрылыстарын дамытуға көмектеседі», – деп көрсетілген (Compilation of Laws and Regulations on the work of the National People's Congress., 1995). Осы заң негізінде Қытайдағы этникалық азшылықтар тығыз қоныстанған өңірлерде әр дәрежелі автономиялық мекемелер құрылды.

Іле Қазақ автономиялық облысының құрылуы. 1950 жылдан бастап бүкіл Қытай көлемінде «Жалпы бағдарламада» көрсетілгендей автономиялық аудан (провинция), облыс және аудан (уезд) әкімшілік мекемелері біртіндеп құрыла бастады.

1950 жылдың көктемінде ҚКП ОК Шыңжаң бюросы жұмыс тобын жіберіп, Іле жергілікті Партия комитетін, Тарбағатай және Алтай жергілікті Партия комитетін ұйымдастырды. Одан соң «жоғарыдан төменге қарай, қаладан ауылға, егіншілік аудандардан мал шаруашылық аудандарына», – деген жоспары бойынша, ау-

дан, округ және ауылдық әкімшіліктерді құрып, қазақтардың дәстүрлі қоғамдық құрылым жүйесін түбегейлі өзгертті.

1951 жылы мамырда ҚКП ОК Шыңжаң бюросы «Шыңжаңда биылғы қыс, келер көктемге дейін жұртшылықты аттанысқа келтіріп жер салығын азайту, зұлымдарға соққы беру туралы Нұсқау» жариялады. Аймақтарда аталмыш «Нұсқауды» атқаруға мындаған әскери кадрлар тартылды. Бұл науқан аяқталысымен, 1952 жылы қарашадан 1953 жылы тамызға дейін Жер реформасын жүргізіп, помещиктердің жерін, егіс малдарын, егіншілік құрал-саймандарын, артық астықтары мен үйлерін конфискациялады, оларға дихандармен бірдей жер телімдерін бөліп берді (Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture., 1985). Сонымен қазақтардың да дәстүрлі жер қатынастары түбегейлі өзгеріске ұшырады.

Қытайдағы қазақтардың басым көп бөлігі Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарында тұрады. 1953 жылы жүргізілген жалпы халық санағының мәліметінде Қытайдағы қазақтардың жалпы саны 509 375 адам болған (Ethnic Affairs Committee of Xinjiang Uygur Autonomous Region., 1995). Олардың шамамен 85%-ы осы аймақтарда тұрған, үш аймақтағы жалпы халықтың 40%-ын құраған. Оның үстіне үш аймақ географиялық жақтан бір-бірімен тұтасқан, саяси, экономика және мәдени байланыстары өте тығыз болған өңір. Сондай-ақ олар «Шығыс Түркістан уақытша үкіметінің» немесе «Үш аймақ үкіметінің» басқаруында болған кезде орталығы Құлжа қаласы болған еді.

1954 жылы ҚКП ОК Шыңжаң Бюросы мен Шыңжаң провинциясы халық үкіметі Іле Қазақ автономиялық облысын құру туралы шешім қабылдап, 50 адамнан құралған дайындық комитетін ұйымдастырды. Комитет төрағалығына Патыхан Сүгірбаев тағайындалап, Ли Цюань, Абдураим Иса, Әнуар Жакулин, Нүсіпхан Көнбайды төрағаның орынбасары, Құрманәлі Оспанды комитеттің бас хатшысы етіп тағайындады (Мадиев Д.Ә., 2021).

1954 жылы 20 қараша мен 2 желтоқсан аралығында Құлжа қаласында Іле-Қазақ ұлттық автономиялы облысының 1-ші Халық өкілдері жиналысы өтіп, Патыхан Сүгірбаев облыс әкіміне сайланды, 27 қарашада Іле Қазақ автономиялық облысының құрылғанын жариялады. Облысқа Іле, Тарбағатай және Алтай сынды үш аймақ және 24 аудан мен 1 қала қарады. Облыс орталығы Құлжа қаласы (Инин) болып белгіленді.

Облыс мекемелері автономиялық ұлт – қазақтарды негіз етіп, басқа ұлт өкілдерімен ұйымдастырылды. Іле Қазақ автономия облысының 2-ші Халық өкілдерінің жиналысына қатысқан 271 депутаттың ішінде қазақ өкілдері 138 адам болды. Бұл жалпы депутаттардың 50,93%-ын құрайды, ұйғыр өкілдері 71 адам – 26,2%, ханьзу (қытай) өкілдері 20 адам – 7,38 %, дүнген өкілдері 11 адам – 4,6%, моңғол өкілдері 10 адам – 3,69%, сибо өкілі 5 адам – 1,85%, татар өкілдері 4 адам – 1,48%, қырғыз, өзбек, орыстардан 3-тен өкіл, дағұрдан 2, манчжурден 1 өкіл қатысты. Облыстың екінші кезекті халық комитеті 10 ұлттың 37 өкілінен ұйымдасты, соның 18-і қазақ болды (Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture., 1985).

Баркөл қазақ автономиялық ауданының құрылуы. Баркөл ауданы Шыңжаңның шығыс солтүстігіне орналасқан. Ауданның шығысы Иу (Аратүрік) ауданмен шектеседі, оңтүстігі Хами (Құмыл) ауданына, батысы Мори ауданына ұласады, солтүстігі Моңғол мемлекетімен шекараласады.

Ауданның жалпы жер көлемі 38 440 шаршы км, жалпы халқы саны 2018 жылғы санақ бойынша, 105 968 адам, оның ішінде қазақтардың саны 38 471 адам, жалпы аудан тұрғындарының 36,3 % құрайды (Barkol Kazakh Autonomous County., 2021).

Баркөл өңірі ерте замандағы қытай деректерінде «Пулей» – «Pulei 蒲类» деп аталған. Ол кезде онда сақтар, ғұндар өмір сүрген. XIII ғасырда Баркөл Шағатай ұлысының иелігінде болды. Кейінгі ортағасырда шығыс солтүстіктен ауып келген ойраттар Баркөлге табан тірейді. XVIII ғасырдың ортасында Цин империясы Жоңғар хандығын жойып, Тяньшань тауының солтүстігі мен оңтүстігіне билік орнатты. 1884 жылы Шыңжаң провинциясын құрып, Баркөлге Чжэньситин басқармасын құрды. XIX ғасырдың соңғы кезінен бастап Алтайдан шығысқа қарай көшкен қазақтар Баркөлге келе бастайды, кейін олардың қатары көбейіп, Баркөлдің негізгі тұрғындарына айналды.

1912 жылы Шыңжаңның генерал-губернаторы Ян Цзэнсин Баркөлге аудан мәртебесін берді. 1943 жылы Шыңжаң үкіметі Баркөлді Чжэнси ауданы ретінде Хами (Құмыл) аймағының құрамына қосты. 1949 жылы қыркүйекте ҚХР құрылып, Баркөл де жалпы елмен бірге жаңа бір тарихи кезеңге қадам басты (Overview Writing Group of Barkol Kazakh Autonomous County., 1984).

1949 жылы 20 желтоқсанда Қытай Халық Азаттық армиясы Баркөл ауданына орналасты. 1950 жылы 12 ақпан күні ҚКП Чжэньси Партия комитеті құрылды. Сәуірде аудандық халық үкіметі комитеті ұйымдастырылды. Аудан бойынша 11 ауылшаруашылық ауылдары және 10 малшаруашылық ауылдық үкіметі құрылды. 1954 жылы қаңтарда Шыңжаң Халық үкіметі өкім шығарып, дискриминациялық мәні бар ауданның «Чжэнси» деген атауын өзгертіп, әсілгі Баркөл атын қалпына келтірді. 2 сәуір күні ауданның тұңғыш Халық өкілдер жиналысы өтіп, ұлттардың өңірлік автономия мәселесін талқылады. Қыркүйектің 24-30 күндері өткен Халық өкілдерінің екінші кезекті жиналысында аудан әкімі қызметіне Зарип сайланды, қазанның 1-і, яғни ҚХР-дың құрылған күні – Баркөл Қазақ автономия ауданының құрылған күні болып жарияланды. Ол кезде ауданда қазақ халқының үлесі 31%-ды құрайтын. Ауданда қазақтардан басқа ханьзу, ұйғыр, маньчжур және моңғол сынды жеті ұлттың өкілдері өмір сүріп келген.

Мори қазақ автономиялық ауданының құрылуы. Мори ауданы Таяньшань тауының солтүстігі, Жоңғар ойпатының оңтүстік шығысында орналасқан. Ауданның шығысы Шонжы (Читай) ауданына, батысы Баркөл ауданына, оңтүстігі Пышан ауданы тауына тіреледі, солтүстігі Моңғол мемлекетімен шекараласады.

«Мори» деген атау – ғұн тіліндегі «Pulei» деген жер атының транскрипциясы екен. Ауданның қазіргі жалпы жер көлемі 22 171 шаршы км. Ауа климаты құрғақ континент ауа-райына жатады. Аудан аумағында табиғи ресурстар мол: көмір, қола, алтын және басқа да 30-дан астам металлдар қоры сақталған; даласында 16 түрлі жабайы жануарлар тіршілік етеді; жері сулы, орманды келеді.

1930 жылы Мори жеке аудан болып құрылды. 1954 жылы Мори Қазақ автономиялық ауданы болып қайта құрылып, Дихуа (Үрімжі) аймағының құрамына енді. 1958 жылы Үрімжі аймағы қала болып құрылғандықтан, Мори ауданды Чанцзэ Хуэйзу автономиялық облысына берілді.

2021 жылғы аудан халқының жалпы саны 76 256 адам, оның ішінде қазақтардың жалпы саны 25 498 адам. Ауданның жалпы жер көлемі 22 171 шаршы км. Ауданда қазақтан тыс, ханьзу, ұйғыр сияқты 14 ұлттың өкілдері аралас тұрады. Аудан құрамында 3 қалашық, 7 ауыл, 1 ұлттық ауыл бар (Mori Kazakh Autonomous County., 2022).

Ақсай қазақ автономиялық ауданының құрылуы. Ақсай ауданы ҚХР Ганьсу провинциясы Цяюцуань қаласына қарайды. Ауданның орналасқан орны – Ганьсу, Цинхай және Шыңжаңның тоғысқан жері. Жер көлемі 3,14 млн шаршы км., жерінің шығысы мен батысы ұзын, оңтүстігі мен солтүстігі тар, шығыс оңтүстіктен батыс солтүстікке қарай созылып жатқан ұзын дәліз, жері тау-қыраттардан және жазықтан тұрады.

Ерте заманда бұл өңірде қытай деректерінде «Батыс варвары» («Хі гонг») деп аталған көшпенді этнотоптар өмір сүрген. Чжурчжэндер мен үйсіндер сол жерден Оралық Азияға қоныс аударған соң ол өңірді ғұндар иеленген.

XX ғасырдың басында, Алтайдың Шіңгіл ауданындағы Бөке Жырғалаңұлы бастаған Абақ керейдің кейбір рулары Ганьсу, Цинхай жеріне қоныс аударып барады. Алайда оларды 1908 жылы Цин империясы әскери күшпен қудалап кері қайтарып, көш бастаған Бөкенің басын кесіп, Мори ауданының кіреберісіне іліп қойып, үрей тудырмақ болады (Mukametkhanuly N., 2021). Алайда Алтайдан, Хамидан (Құмылдан) және Баркөlden өрлеп көшкен Он екі Абақ керей рулары мен аздаған найман және уақ руларының алдыңғы легі 1912 жылы Ганьсу жеріне табан тірейді.

1936-1939 жылдар аралығында Шэн Шицайдың зұлымдық саясатына төзбегендер төрт дүркін қоныс аударып, 2 427 отбасы, 11 680 адам Ганьсудың Чжусюан Цилан тауларына барып, көшіп-қонып жүреді. Олармен жергілікті тұрғындар арасында жер таласы туындап, қақтығыстар орын алады.

1940 жылы дүнген генералы Ма Буфан Ганьчжоуда тұратын армиясына бұйрық беріп, Ганьсу, Цинхай провинциясы жерінде көшіп-қонып жүрген қазақтарды қоршап жою операциясын жүргізеді. Қазақтың ер азаматтары көп қырғынға ұшырап, тірі қалған әйелдер мен балалар Ганьсу мен Цинхайдың тауларын паналап бытырап кетеді. 1944 жылы Ганьсу, Цинхай және Шыңжаң провинциялары бірлескен жиналыс өткізіп, Ганьсудың Юймин, Анси, Дуньхуан өңіріндегі қазақтарға жайылым жер бөліп беруге шешім қабылдайды (Aksai Kazakh Autonomous County., 2023).

1949 жылы ҚХР құрылғаннан кейін ғана, Ганьсу мен Цинхайда телім-телім болып тентіреп кеткен қазақтар тынышталып, жағдайлары тұрақтала бастайды. 1951 жылы қаңтарда Дуньхуанда бытырап жүрген қазақтарды жинап орналастыру қызмет комитеті құрылады. 1953

жылы наурызда ҚКП ОК Солтүстік батыс Бюросының шешімімен қазақтарды бір өңірге қоныстандырып, жайылым жер бөліп береді. 1954 жылы сәуірде Ақсай Қазақ автономиялық ауданы құрылып, Цяюцуань аймағына қарайды, 2022 жылы Цяюцуань қала болып құрылғандықтан Ақсай Қазақ автономиялық ауданы қаланың бір ауданы саналады.

Ақсай Қазақ автономиялық ауданының жер көлемі 33400 шаршы км. Халық саны 10 970 адам. Негізгі ұлты – қазақ, жалпы саны 3 487 адам. Ауданның басқаруында бір қалашық, 3 ауыл, 11 әкімшілік село бар, мал шаруашылықты негіз етеді. Ауданның ауа климаты күрделі, оңтүстік шығыс бөлігі үстірттік суық және жартылай құрғақ келеді, солтүстігі ылғалды құрғақ ауа саналады. Аудан табиғи ресурстарға бай.

3. Автономия саясаты және қазақтардың әлеуметтік дамуы

1949 жылыға дейін Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік саяси экономикалық жағдайы жалпы нашар күйде болды. Әсіресе үш аймақтан тыс жерлерде, Жоңғар ойпатының шығысында, Баркөл өңірінде шашырап жүрген қазақтардың және Ганьсу, Цинхай мен Тибет жерлері арқылы Гималай асып, шетелге кетпек болып, кете алмай қалған қазақтардың ахуалы тіпті аянышты болатын. Бұлар ҚХР құрылғаннан кейін ғана бастары қосылып, қалыпты өмір сүру мүмкіндігіне ие болды.

Әлеуметтік экономикасы. Қытайдағы қазақ автономиялық облысы мен аудандарының әлеуметтік экономикасы жалпы ҚХР-дың әлеуметтік экономикалық дамуына тығыз байланысты. Олар да ел көлемінде жүргізілген саяси науқандарды бастан кешіп отырды. Соған қарамастан қазақтардың әлеуметтік экономикасы жалпы даму динамикасында болғаны анық байқалады. Мұны біз Іле Қазақ автономиялық облысының мысалдары арқылы дәлелдейміз.

1949 жылы Іле, Тарбағатай және Алтайдағы әр түлік малының жалпы саны 3 070 000 бас болған. 1965 жылы облыс бойынша малдың жалпы саны 8 532 000 басқа жетіп, 1,8 есе көбейген (Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture., 1985). Алайда «Мәдени революция» жүрген он жылда облыстың өндірісі мүлде төмендеді. 1965 жылдан 1975 жылға дейін мал шаруашылығы әр жылы 1,4%-ға құлдырап отырды.

1978 жылы ҚКП ОК-ның 11 шақырылымның 3 пленумы қабылдаған реформа және ашық есік саясаты негізінде, мал шаруашылық аудандарда «малды кепілге» беру өндіріс жауапкершілік

режимі енгізілді. Сонымен мал шаруашылық өндірісі қарқынды дами бастады. 1982 жылы облыстың мал шаруашылығы рекордтық деңгейге көтеріліп, 8 млн 540 мың басқа жетті. Егін шаруашылығы да айтарлықтай дамыды. 1983 жылы бүкіл облыстың өндірген астығы 815 000 тоннаға жетіп, 1949 жылдан 4,7 есеге артты, орта есеппен әр жылы 11%-ға өсіп отырған (Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture., 1985). Міне, бұл деректерден Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік экономикалық өндірісінің дамығанын және тұрмыс деңгейінің көтерілгенін көруге болады.

Білім және мәдениеті. 1949 жылы Іле, Табағатай және Алтай аймақтарындағы қазақтардың 80%-дан астамы сауатсыз болған. Үш аймақтағы бастауыш мектептің жалпы саны 79, онда оқып жатқан оқушылардың жалпы саны 6 200; Орта мектептің саны 13, аудандық орта мектептің саны 17, оқып жатқан оқушылардың жалпы саны 1 610 екен (Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture., 1985).

Іле Қазақ облысы құрылған соң білім беру саласы айтарлықтай дамыды. Әсіресе 1980 жылдан кейін оқу-ағарту саласының дамуы қарқынды болды. 1982 жылы бүкіл облыс бойынша орта мектептің саны 409, оқып жатқан оқушылардың саны 158 233; бастауыш мектеп 1 571, оқушылардың жалпы саны 305 645, бастауыш, орта мектептердің жалпы саны 1949 жылдағыдан 9 есеге көбейді, оқу жасындағы балалардың оқуға баруы 90%-дан асты. 1982 жылға дейін мал шаруаларының балаларына арналған 125 жатақты мектеп салынды, онда 29 901 оқушы білім алды (Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture., 1985).

1950 жылдан 1982 жылға дейінгі аралықта педагогика, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, денсаулық сақтау, климат, агротехника, қазына, көркемөнер сияқты мамандықтарды оқытатын 33 орта техникос ашылды. 1980 жылы Іле педагогикалық институты (кейін университетке айналды), Күйтүн пединституты құрылды. Онда сабақтар қазақ, қытай және ұйғыр тілінде оқытылды.

1982 жылдан бастап малшылардың балаларына арналған жатақты мектеп-интернаттар салынып, қазақ балаларының оқуға бару салыстырмасы өсті. Қазақтардың «әр он мың адамның орта есеппен 1733 адамы бастауышта, 487 бастауыш-орта мектепте, 190 толық орта мектепте, 23 жоғары оқу орнында білім алды». Қазақтардың әр түрлі мектептер мен жоғары,

орта оқу орындарында білім алушыларының он мың адам бойынша салыстырмасы, бүкіл Шыңжаң бойынша ең жоғары орынды ұстайды (Мырзахан Ж., 2001).

Қытайдағы қазақтардың ақпарат, баспасөз істері де 1950 жылдан бастап дами түсті. Үрімжі қаласынан шығатын «Шыңжаң газеті», Құлжа қаласынан жарық көретін «Алға» газеті, 1951 жылдан «Іле газеті», Шәуешектен шығатын «Халықшы газеті», «Тарбағатай газеті», Алтайдан (Сарсүмбеден) шығатын «Ерікті Алтай» газеті 1959 жылдан «Алтай газеті» деген атпен шықты. Сол жылы «Іле пионерлері» (Құлжадан) газеті дүниеге келді.

Қазақ тілінде полиграфия да 1950-жылдан бастап құрылып, дамыды. 1951 жылы Үрімжіде «Шыңжаң халық баспасы» қазақ редакция бөлімі құрылды; 1953 жылы Бейжіңде «Ұлттар баспасы» қазақ редакциясы бөлімі өз жұмысын бастады; 1956 жылы Үрімжіде «Шыңжаң оқу-ағарту» баспасы мен «Шыңжаң жастар-өрендер» баспасы қазақ редакциясы бөлімдері дүниеге келді; 1978 жылы Күйтін қаласында тек қазақ тілінде ғана кітап шығаратын «Іле халық баспасы» құрылды, 1982 жылы Үрімжіде «Ғылымды жалпыластыру баспасы» қазақ бөлімі ашылды. Сонымен қазақ тілінде шығатын әр түрлі кітаптардың саны да көбейді, сапасы да жоғарылады.

Әдеби журналдар: 1953 жылдан бастап Үрімжіден «Әдебиет-көркемөнер» айлық журналы (1959 ж. «Шұғыла» деп аталды), 1979 жылдан Құлжа қаласынан «Іле айдыны» маусымдық журналы, 1980 жылдан Алтай қаласынан «Алтай аясы» маусымдық журналы, 1982 жылдан Шәуешек қаласында «Тарбағатай» атты маусымдық журнал шықты. Ауыз әдебиетіне арналған «Мұра» маусымдық журналы 1982 жылы, шетел әдебиетіне арналған «Көкжиек» маусымдық журналдары Үрімжіден басылып шықты.

Ғылым саласына арналған журналдар: 1979 жылдан Үрімжіде «Ғылым бұлағы», 1980 жылдан «Шыңжаң мал шаруашылығы», 1983 жылдан Алтайдан «Ғылым және өнер», 1982 жылдан Үрімжіде «Тіл және аударма», 1990 жылдан «Шыңжаң қоғамдық ғылымы», 1992 жылдан «Қоғамдық ғылымдар мінбесі» қатарлы қос айлық немесе маусымдық журналдар шығып тұрды.

Оқу-ағартуға арналған журналдар: 1953 жылдан Үрімжіден «Шыңжаң оқу-ағартуы», 1982 жылдан «Шыңжаң университеті ғылыми журналы», 1985 жылдан Құлжадан «Мектеп дене тәрбиесі», 1984 жылдан «Іле педагогикалық

институты ғылыми журналы» сияқты басылымдар дүниеге келді.

Қоғамдық-саяси әмбебап журналдар: 1956 жылдан Құлжа қаласынан «Іле жастары», 1969 жылдан Бейжіңнен «Қызыл ту» (1981 жылдан бастап «Ізденіс» деген атқа өзгерген), 1990 жылдан «Ұлттар ынтымағы» (кейін «Zhong guo ulttary» деп аталады) қатарлы журналдар шықты.

XX ғасырдың 90 жылдарының орта шеніне дейін Қытайда қазақ тілінде «Ашық шығатын 11 газет, 30 журнал, жабық таратылатын 3 газет, 10 журнал» шығып тұрған (Мұқанұлы Н., 1996).

Қытайда радио, теледидар сияқты қазіргі заманғы ақпарат құралдары да қазақ тілінде сөйлейді. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап Бейжіңдегі Орталық халық радиосынан күніне екі сағат қазақ тілінде бағдарлама беріліп келеді. Үрімжідегі Шыңжаң халық радиосы мен аймақтық, аудандық радио станцияларында да қазақ тілінде күнделікті бағдарламалар таратылады (Мұқанұлы Н., 1996).

Ал қазақ тілінде теледидардан хабар тарату 1985 жылы Үрімжіден басталды. 1987 жылдан қазақ тіліндегі телепрограммалар 8-ші каналдан арнайы беріліп келеді. 1990 жылдан бастап Үрімжіден үш телеканал әр күні жалпы 30 сағаттан астам қазақ тілінде бағдарлама таратып келеді. Сонымен қатар облыс орталығы Құлжа қаласында қазақ тілінде бағдарламалар береді. Облыста, әрбір аймақтар мен аудандарда қазақ мәдениет үйірмелері жұмыс жасап келген.

Жоғарыда пайымдалған қазақтардың әлеуметтік экономикалық, білім және мәдени дамуын ҚКП-ның этникалық азшылықтарға қолданған автономия саясатынан бөліп қарауға болмайды. Мұны ҚХР құрылғанға дейінгі Қытайдағы қазақтардың жүз жылдық дамуымен салыстырып қарайтын болсақ, арадағы айырмашылықтың жер мен көктей екенін аңғарамыз. Әрине, Қытайдың дамуы да өткен ғасырдың ортасынан басталып XXI ғасырдың басында шарықтау шегіне жетті. Мемлекеттің әлеуметтік экономикасының дамуына ілесе қазақтардың әлеуметтік экономикасы, білім және мәдениеті де жалпы даму динамикасында болды. Алайда соңғы он жылдан бері автономия саясатының тоқырауына байланысты, Қытайдағы немесе Шыңжаңдағы әлеуметтік саяси ауқым, «егер сен бізге ілссен өсесің, ілеспесең өшесің» дегендей шырай танытып тұрғаны анық байқалады (Мұқаметханұлы Н., 2021).

Қытайдағы қазақтардың қоғамдық саяси орны. ҚХР-дың автономия заңына сәйкес, қазақ автономиялық облыс, аудандардың әкімдері

қазақтардан тағайындалады. Әр дәрежелі Халық өкілдер жиналысына қазақтарға да тиісті орын беріледі. Мысалы, 1983 жылы облыстың 7-ші шақырылымының Халық өкілдер съезіне 15 ұлттан 555 депутат қатысты. Соның ішінде 226 өкіл қазақ болды, бұл жалпы депутаттардың 40%-дан астамын құрайды. Облыстық Халық комитетінің төрағасы қазақ, облыс әкімінің төрт орынбасарының екеуі қазақтан сайланды. Қызмет барысында қазақ тілі қытай тілімен қатар қолданыста болды.

Облыс құрылған алғашқы жылдары бүкіл облыс көлеміндегі аз санды ұлттар кадрлары 10 926 адам еді, 1982 жылдың соңында 309 469 адамға жетіп, жалпы облыстағы кадрлардың 50,6%-ын құрады. Оның ішінде қазақ кадрлары 21 796, жалпы аз санды ұлттар кадрларының 55,3%-ын қамтиды.

Шыңжаңдағы қазақтардың Қытайдағы қоғамдық саяси орны 1949 жылға дейін анықталған. Ол кезде қазақтар Шыңжаң өлкесінде ұйғыр мен қытайдан кейінгі үшінші орынды қамтитын маңызды этносқа айналған болатын. Сондықтан ҚХР-дың Бүкілқытайлық съездерінің алғашқы шақырылымынан бастап қазақ өкілдері қатысып келеді.

Бүкілқытайлық Халық өкілдер жиналысы съездеріне депутат ретінде қатысқан қазақтар: Бірінші съезге (1954 ж. желтоқсан) қатысқандар: Патыхан Сүгірбаев, Ануар Жакулин; Екінші съезге қатысқандар (1956 ж. қаңтар-ақпан): Ануар Жакулин, Қыдырбай; Үшінші съезге қатысқандар (1962 ж. наурыз): Абдуәлен Оразәлі, Дияр Құмаш, Ергали Әбілқайыр, Әкімқожа, Қауан; Төртінші съезге қатысқандар (1964 ж. желтоқсан, дерек табылмады); Бесінші съезге қатысқандар (1978 ж. ақпан): Зейнеш, Зия, Қожабай, Құрбанжан, Бикен, Қыдырхан, Ергали Әбілқайыр, Жамилаха; Алтыншы съезге қатысқандар (1983 ж. маусым): Әбдісалам, Тұрдықеш, Дияр Құрмаш, Қалибек, Іңіролла; Жетінші съезге қатысқандар (1988 ж. қыркүйек): Қыдырбай, Нұрахмет Райыс, Алпысбай Рахым, Кабира Сымағұл; Сегізінші съезге қатысқандар (1993 ж. ақпан): Әсхат Керімбай, Сұлтан Жанболат, Апысбай Рахым, Қадыс Жәнабіл, Тұрсын Сотай. Тоғызыншы съезге қатысқандар (1998 ж. наурыз): Сұлтан Жанболат, Алпысбай Рахем, Қызайжан Сәйліқожа, Қаныбай Мағда, Фаридан Әділхан; Оныншы съезге қатысқандар (2003 ж. наурыз): Маукен Сейтқамза, Зақан Омар, Гулзат Қасымхан, Тілепалды Әбдірашит, Қызайжан Сәйліқожа; Он бірінші съезге қатысқандар (2008 ж. наурыз): Манен Зейнел, Маукен Сейтқамза,

Дәлелхан Мамихан, Аманбай Дәуіт, Сыхан Тұрдахын; Он екінші съезге қатысқандар (2013 ж. ақпан): Бақтангул Затей, Әсхат Керімбай, Сарқыт Ахан, Талғат Үсен, Сержан Бақмұрат; Он үшінші съезге қатысқандар (2018 ж. наурыз): Мүкият Жармұқамет, Ержан Жуанхан, Құрмаш Сержан, Қанибат Шәбікей, Риза Бақдәулет; Он төртінші съезге қатысқандар (2023 ж. наурыз): Гулмира Дәулет, Ершат Тұрсынбай, Сарқытхан Ахан, Айдын Төлеухан, Зоя Бақыт.

Бүкілқытайлық саяси консультативтік кеңес съездеріне қатысқан қазақ депутаттары: Бірінші съезге қатысқандар (1949 ж. қыркүйек): Әбілқайыр Төре; Екінші съезге қатысқандар (1954 ж. желтоқсан): Әбілқайыртөре; Үшінші съезге қатысқандар (1959 ж. сәуір): Әбдірахман Тоқанов; Төртінші съезге қатысқандар (1964 ж. желтоқсан): Қами Асылхан; Бесінші съезге қатысқандар (1978 ж. ақпан): Қасымбек; Алтыншы съезге қатысқандар (1983 ж. маусым): Мағауия; Жетінші съезге қатысқандар (1988 ж. наурыз): Құсайын Сиябаев, Бәтима Жакулина; Сегізінші съезге қатысқандар (1993 ж. наурыз): Бәтима Жакулина, Жәнабіл Сымағұл; Тоғызыншы съезге қатысқандар (1998 ж. наурыз): Алпысбай Рахым, Қызайжан Сәйліқожа, Қаныбай Мағда, Паридан Әділхан; Оныншы съезге қатысқандар (2003 ж. наурыз): Захан Омар, Мәукен Сейтқамза, Қызайжан Сәйліқожа, Тілепалды Әбдірешіт; Он бірінші съезге қатысқандар (2008 ж. ақпан): Манен Зейнел, Маукен Сейтқамза, Сыхан Тұрдыақын, Дәлелхан Мами; Он екінші съезге қатысқандар (2013 ж. ақпан): Бақтыгул Затей, Әсхат Керімбай, Талғат Үсейін, Сержан Бақтымұрат; Он үшінші съезге қатысқандар (2018 ж. ақпан): Мүкият Жармұқамет, Құрмаш Сержан, Ғанибат Шәбікей, Риза Бақдәулет; Он төртінші съезге қатысқандар (2023 ж. ақпан, дерек табылмады): Бүкілқытайлық саяси консультативтік кеңесінің мүшесі Қамзабек Қамыза (List of deputies to the 14th National People's Congress of the People's Republic of China., 2023).

ҚКП съездеріне қазақ депутаттары қатысып келеді. Солардың соңғы үш съезге қатысқандарын атап өтсек: Он сегізінші съезге (2012 ж. тамыз) қатысқандар: Манен Зейнел, Абақ Зайнула, Нұрлан Әбілмажін; Он тоғызыншы съезге (2017 ж. қазан) қатысқандар: Лида Перібай, Сарқыт Ахан, Нұрлан Әбілмажін; Жиырмамыншы съезге (2022 ж. қазан) қатысқандар: Мақпал, Жеңіс Қадыс, Рашила Рахат, Нұрлан Әбілмажін (List of representatives to the Twentieth National Congress of the Communist Party of China., 2022).

Қазақ өкілдерінің Қытайдың ең жоғарғы съездеріне қатысуы – этникалық қазақтардың қоғамдық саяси орнының өскенін көрсетеді. «ҚХР Конституциясында», «ҚХР ұлттардың өңірлік автономия Заңында» белгіленген этникалық азшылықтарға арналған саясаттары ондағы қазақтардың мемлекеттік саяси істерге қатысуына мүмкіндік жасады.

ҚХР-дың аз санды ұлттарға қолданған автономия саясаты қазақ қауымының өркен жаюына зор мүмкіндік жасады. Жетпіс жылдан бері Қытайдағы қазақтардың қоғамдық саяси орны өсіп, көптеген білімді, білікті мемлекет және қоғам қайраткерлері жарыққа шықты. Бұл өз кезегінде қазақ халқының парасатты, жаңашыл екенін көрсетеді.

Алайда, соңғы он жыл ауқымындағы Қытайдың аталмыш автономия саясатының атқарылмауы, тіпті өрескел бұзылуына байланысты этникалық азшылықтардың, оның ішінде қазақтардың да ұлт ретінде даму болашағының бұлыңғыр тартып бара жатқаны адамды алаңдатады.

Қорытынды

ҚХР көп ұлтты біртұтас мемлекет. Қытайда ұлттар арасындағы теңсіздік немесе айырмашылықтар тарихи қоғамдық құбылыс. ҚКП ел ішіндегі этникалық азшылықтарға арнайы өңірлік автономия саясатын қолданды. Алғаш қабылдаған «Ортақ бағдарламада» кейін қабылдаған «ҚХР Конституциясы» мен «ҚХР ұлттардың өңірлік автономия Заңында» аз санды ұлттарға қолданатын негізгі саясат принциптері, автономия құқықтары мен заңды мүдделері айтарлықтай анықталған. Осы заңдардың негізінде Іле Қазақ автономиялық облысы, Баркөл, Мори және Ақсай Қазақ автономиялық аудандары құрылды. Қазақ автономиялық облысы мен аудандары жалпы қытай қоғамының даму үдерісінде дамыды, өсті. Қазақтардың экономикалық өмір сүру деңгейі көтерілді, білім мен мәдениеті айтарлықтай алға жылжыды, қоғам және мемлекеттік істерді басқару қабілеттері жетілдірілді, дәстүрлі мал шаруашылығы мен егін шаруашылығымен шұғылданудан бірте-бірте көп салалы өндірістермен айналысатын болды, әр түрлі замануи техникалық мамандықтарды да игере бастады. Бұларды тарихи прогресс деуге әбден болады.

Жалпы, Қытайдағы этникалық азшылықтардың дамуы ҚХР қоғамының әлеуметтік дамуы үдерісінде дамыды. Әсіресе, автономия

саясаты біршама жақсы атқарылған 1980-2012 жылдары Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік экономикасы да, білім, ғылымы және мәдениет деңгейі де айтарлықтай көтерілді, гүлденіп көркейді.

ҚХР заңдарында этникалық азшылықтарға жасалған қамқорлық саясатының арқасында аз санды ұлттардың, оның ішінде қазақтардың демографиясы да өсті. Ресми деректерге сүйенсек, Іле Қазақ облысы құрылу қарсаңында, яғни 1953 жылы қазақтардың жалпы саны 509 375 адам, 1964 жылы 491 637 адам, 1982 жылы 907 546 адам, 1990 жылы 1 110 758 адам (Ethnic Affairs Committee of Xinjiang Uygur Autonomous Region., 1995) болса, 2000 жылы 1 250 458 адам, 2020 жылы 1 462 588 адамға (Ranking of ethnic minority populations., 2022) жетті. Бұл деректер 70 жылда этникалық қазақтардың үш еседей өскенін көрсетеді.

Алайда соңғы он неше жылдан бері Қытайдағы этникалық азшылықтар, қазақтар да үлкен сын-қатерге тап болды. Өйткені Қытайда

автономия саясатын атқару іс жүзінде тоқтады. Конституцияда белгіленген аз санды ұлттардың құқықтары мен заңды мүдделері қорғалудың орнына, керісінше өрескел бұзылды. Тіпті ҚХР Ата Заңында белгіленген ең қарапайым құқығы – өздерінің ұлттық тілдерінде білім алу құқықтары шектелді. Соның салдарынан аз санды ұлттардың мәдениеті, өзіндік ұлттық болмыстары өзгеріске ұшырай бастады.

Әрине, Қытай сияқты алып елде, қоғамдық дамуы мен мәдени деңгейі олармен тең емес этникалық азшылықтардың ассимиляциялануы табиғи заңдылық. Тарихта қаншама этнотоптар, тіпті қытай елін ғасырлар бойы билеп-төстеген ұлттардың өздері де табиғи түрде қытайланып кетті! Хуасялар Қытай мемлекетін құрғаннан бастап, төңірегіндегі этнотоптарды өзіне ассимиляциялау саясатын ақырындап жүргізіп келді. Бұл үдерісті ҚКП да жаңа социалистік заманда әкімшілік тәсілмен күштеп жалғастырып келеді. Бұл іс жүзінде ҚКП-ның ел ішіндегі өңірлік автономия саясатының аяқталғанын көрсетеді.

Әдебиеттер

- Мадиев Д.Ә. (2021). ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015). PhD докторлық диссертациясы (Қолжазба). – 160 б.
- Мұқаметханұлы Н. (2010). Үйсін мемлекеті // Қазақ тарихының өзекті мәселелері. – Павлодар: Brand Print. – 2010, 7 б. (311 б.).
- Мұқаметханұлы Н. (2021). Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 23 б. (250 б.).
- Мұқаметханұлы Н. (2021). XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үдерісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 86 б. (168 б.).
- Мұқанұлы Н. (1996). Еліміздің қазақша журнал тарихы мен мазмұнына шолу // Іле айдыны. 1996, № 6, 58 б.
- Мырзахан Ж. (2001). Қазақ халқының мәдениет айдыны. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 2001, 122 б. (380 б.).
- 阿克塞哈萨克族自治县. (2023). [Ақсай қазақ автономиялық округі.] URL: <http://www.feilongwood.com/topics/22198.html> (04.12.2023)
- 白新良. (2011). 清高宗实录. 天津: 天津古籍出版社, 2011.- 385 页. [Бай Синьян. Цин әулетінің императоры Гаоцзунның жазбалары. – Тяньцзинь: Тяньцзиннің желгі кітаптар баспасы, 2011. – 385 б.]
- 班固. (1997). 汉书. – 北京: 中华书局. 1997年, 第990页. [Бангу. Хань Кітабы. – Бейжің: «Чжунхуа» баспасы, 1997. – 990 б.]
- 巴里坤哈萨克自治县. (2021). [Баркөл Қазақ автономиялық округі.] URL: <https://baike.baidu.com/item/%E5%B7%B4%E9%87%8C%E5%9D%A4%E5%93%88%E8%90%A8%E5%85%8B%E8%87%AA%E6%B2%BB%E5%8E%BF/10539754> (24.11.2023)
- 巴里坤哈萨克自治县概况 编写组. 巴里坤哈萨克自治县概况. - 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1984. – 160页. [Баркөл Қазақ автономиялық округі жазушыларының шолу тобы. Баркөл Қазақ автономиялық округіне шолу. – Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 1984. – 160 б.]
- 何信. (1999). 中华人民共和国历史. – 北京, 1999年, - 460页. [Хэ Синь (1999): Қытай Халық Республикасының тарихы. – Бейжің, 1999. – 460 б.]
- 木垒哈萨克自治县. (2022). [Мори Қазақ автономиялық округі.] URL: https://baike.baidu.com/item/%E6%9C%A8%E5%9E%92%E5%93%88%E8%90%A8%E5%85%8B%E8%87%AA%E6%B2%BB%E5%8E%BF/7764561?fr=ge_ala (01.12.2023)
- 人大工作法律、法规汇编. (1995). 乌鲁木齐, 1995. – 120 页. [ШҮҮАА Халық құрылтайы тұрақты комитеті. Заң, Ережелер жинағы. – Үрімжі, 1995. – 120 б.]
- 少数民族人口排名. (2022). [2022 жылғы этникалық азшылықтардың рейтингі] URL: <https://www.wuhan.com/xinwen/109289.html> (25.11.2023)

新疆三区革命史. (1998). 新疆三区革命史. - 北京: 民族出版社, 1998. - 407页. [Шыңжаңның үш ауданының революциялық тарихын құру комитеті. (1998). Шыңжаңның үш ауданындағы революция тарихы. – Бейжің: Минзу Баспасы, 1998. – 407 б.]

新疆维吾尔自治区民族事物委员会编. (1995). 新疆民族辞典. - 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1995. - 896 页. [Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының ұлттар істері комитетінің редакциясы. Шыңжаң ұлттар сөздігі. – Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 1995. – 896 бет.]

伊犁哈萨克自治州概况编写组. (1985). 伊犁哈萨克自治州概况. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1985年, 第1页至12页. [Қазақстанның Іле автономиялық округінде мақалалар жазу бойынша шолу тобы. Іле-Қазақ автономиялық префектурасына шолу. Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 1985. – 1-12 бб.]

中俄边界条约集. (1973). 北京: 商务印书馆, 1973. - 150页. [Қытай-Ресей шекара шарттарының жинағы. – Бейжің: Коммерциялық баспасөз, 1973. – 150 б.]

中国共产党第二十次全国代表大会代表名单. (2022). [Қытай Коммунистік партиясының 20-шы Ұлттық съезі депутаттарының тізімі, 2022.] URL: <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1744984919383150796&wfr=spider&for=pc> (27.11.2023)

中华人民共和国第十四届全国人民代表大会代表名单. (2023). 新华社北京2月24日电. [Қытай Халық республикасы Халық өкілдерінің 14-ші Бүкілқытайлық жиналысы депутаттарының тізімі. Синьхуа ақпарат агенттігі, Бейжің. 24 ақпан 2023.] URL: https://www.baidu.com/s?ie=utf8&f=3&rsv_bp=1&rsv_idx=1&tn=baidu&wd=%E5%85%A8%E5%9B%BD%E5%8D%81%E5%9B%9B%E5%B1%8A%E4%BA%BA%E5%A4%A7%E4%BB%A3%E8%A1%A8%E5%90%8D%E5%8D%95%E5%85%AC%E7%A4%BA&fenlei=256&oq=%25E5%2585%25A8%25E5%259B%25BD%25E5%258E%2586%25E5%25B1%258A%25E4%25BA%25BA%25E5%25A4%25A7%25E4%25BB%25A3%25E8%25A1%25A8%25E5%2590%258D%25E5%258D%2595&rsv_pq=f3f657610013b505&rsv_t=83f6%2B0IDLdGyim1HBeGCq014RSmmd33iAuiFQImNNK8FQLHT883bb6I3ZoM&rqlang=cn&rsv_dl=ts_0&rsv_sug3=8&rsv_enter=1&rsv_sug1=6&rsv_sug7=100&rsv_sug2=1&rsv_btype=t&prefixsug=%25E5 (27.11.2023)

1949年《中国人民政治协商会议共同纲领》全文. (2020). [1949 жылғы «Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесінің жалпы бағдарламасының» толық мәтіні, 2020.] URL: http://www.360doc.com/content/20/02/17/16/8448336_892715034.shtml (25.11.2023)

References

- Aksai Kazakh Autonomous County. (2023). (in Chinese). URL: <http://www.feilongwood.com/topics/22198.html> (04.12.2023)
- Bai Xinliang. (2011). Records of Emperor Gaozong of the Qing Dynasty. Tianjin: Tianjin Ancient Books Publishing House, 2011. – 385 pages. (in Chinese)
- Bangu. (1997). Book of Han. – Beijing: Zhonghua Bookstore, 1997, p. 990. (in Chinese)
- Barkol Kazakh Autonomous County. (2021). (in Chinese). URL: <https://baike.baidu.com/item/%E5%B7%B4%E9%87%8C%E5%9D%A4%E5%93%88%E8%90%A8%E5%85%8B%E8%87%AA%E6%B2%BB%E5%8E%BF/10539754> (24.11.2023)
- Collection of Sino-Russian Border Treaties. (1973). – Beijing: Commercial Press, 1973. – 150 pages. (in Chinese)
- Compilation of Laws and Regulations on the work of the National People’s Congress. (1995). Urumqi, 1995. – 120 pages. (in Chinese)
- Ethnic Affairs Committee of Xinjiang Uygur Autonomous Region. (1995). Xinjiang Dictionary of Nationalities. – Urumqi: Xinjiang People’s Publishing House, 1995. – 896 pages. (in Chinese)
- He Xin. (1999). History of the People’s Republic of China. – Beijing, 1999. – 460 pages. (in Chinese)
- List of deputies to the 14th National People’s Congress of the People’s Republic of China. (2023). Xinhua News Agency, Beijing, February 24th 2023. (in Chinese). URL: https://www.baidu.com/s?ie=utf8&f=3&rsv_bp=1&rsv_idx=1&tn=baidu&wd=%E5%85%A8%E5%9B%BD%E5%8D%81%E5%9B%9B%E5%B1%8A%E4%BA%BA%E5%A4%A7%E4%BB%A3%E8%A1%A8%E5%90%8D%E5%8D%95%E5%85%AC%E7%A4%BA&fenlei=256&oq=%25E5%2585%25A8%25E5%259B%25BD%25E5%258E%2586%25E5%25B1%258A%25E4%25BA%25BA%25E5%25A4%25A7%25E4%25BB%25A3%25E8%25A1%25A8%25E5%2590%258D%25E5%258D%2595&rsv_pq=f3f657610013b505&rsv_t=83f6%2B0IDLdGyim1HBeGCq014RSmmd33iAuiFQImNNK8FQLHT883bb6I3ZoM&rqlang=cn&rsv_dl=ts_0&rsv_sug3=8&rsv_enter=1&rsv_sug1=6&rsv_sug7=100&rsv_sug2=1&rsv_btype=t&prefixsug=%25E5 (27.11.2023)
- List of representatives to the Twentieth National Congress of the Communist Party of China. (2022). (in Chinese). URL: <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1744984919383150796&wfr=spider&for=pc> (27.11.2023)
- Madiev D.A. (2021). Development policy of the north-western border zone of the PRC (1949-2015). PhD thesis (manuscript). – 160 P.
- Mori Kazakh Autonomous County. (2022). (in Chinese). URL: https://baike.baidu.com/item/%E6%9C%A8%E5%9E%92%E5%93%88%E8%90%A8%E5%85%8B%E8%87%AA%E6%B2%BB%E5%8E%BF/7764561?fr=ge_ala (01.12.2023)
- Mukametkhanuly N. (2021). International phenomenon: the process of division and integration of the Kazakh people. – Almaty: Kazakh University, 2021. 23 p. (250 P.).

Mukametkhanuly N. (2021). Social development of Kazakhs in the historical process of China in the XX century. – Almaty: Kazakh University, 2021. 86 P. (168 P.).

Mukametkhanuly N. (2010). Uysun state // Actual problems of Kazakh history. – Pavlodar: Brand Print. – 2010, p. 7 (p. 311).

Mukanuly N. (1996). Review of the history and content of the Kazakh Journal of the country // Ili Aidyny. 1996, No. 6, p.58

Myrzakhan Zh. (2001). A month of culture of the Kazakh people. – Urumqi: Xinjiang people’s publishing house. 2001,122 P. (380 P.).

Overview Writing Group of Barkol Kazakh Autonomous County. (1984). Overview of Barkol Kazakh Autonomous County. – Urumqi: Xinjiang People’s Publishing House, 1984. – 160 pages. (in Chinese)

Overview Writing Group of Yili Kazakh Autonomous Prefecture. (1985). Overview of Yili Kazakh Autonomous Prefecture. – Urumqi: Xinjiang People’s Publishing House, 1985, Pp. 1-12. (in Chinese)

Ranking of ethnic minority populations. (2022). (in Chinese). URL: <https://www.wuhan.com/xinwen/109289.html> (25.11.2023)

The full text of the “Common Program of the Chinese People’s Political Consultative Conference” in 1949. (2020). (in Chinese). URL: http://www.360doc.com/content/20/0217/16/8448336_892715034.shtml (25.11.2023)

Xinjiang Three Districts Revolutionary History Compilation Committee. (1998). The history of the revolution in the three districts of Xinjiang. – Beijing: Minzu Publishing House, 1998. – 407 pages. (in Chinese)

Авторлар туралы мәлімет:

1. *Мұқаметханұлы Нәбижан (автор-корреспондент) - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының профессоры, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com*

2. *Мәсімханұлы Дүкен - ҚР ФЖБМ ФК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, ф.ғ.д. профессор, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: masimkhan-63@mail.ru*

Information about authors:

1. *Mukametkhanuly Nabizhan (corresponding author) - Professor of the Department of Chinese Studies, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com*

2. *Masimkhanuly Duken - Director of the Suleymenov Institute of Oriental Studies, Ph.D. professor, Almaty, Kazakhstan, e-mail: masimkhan-63@mail.ru*

*Келін түсті 19 қыркүйек 2023 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2024 жыл*